

**Семей қаласының Мемлекеттік Медицина Университеті
Қазіргі замандағы Қазақстан тарихы және Жалпы білім беретін
пәндер кафедрасы**

СӨЖ

Пән: Философия

Тақырыбы: Кейінгі Орта ғасырлардағы номинализм мен реализм

Орындаған Құмарқанов Т.Е.

23ң-топ ЖМФ

Тексерген:Купанова С.А.

Семей 2018 жыл

Жоспар:

Кіріспе

Негізгі бөлім

1. Ортағасырлық философия, оның теоцентризмі – патристика.
2. Кейінгі Ортағасырлардағы номинализм және реализм
3. Ортағасырлық реалистер

Қорытынды бөлім

Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Философия тарихында жалпы ұғымның жалқы заттарға қатынасын ашып көрсетуге бағытталған пікірталас "универсалиялар" (жалпы ұғымдар) туралы ілім ретінде белгілі болды. Бұл мәселені шешу жолында схоластар көптеген шешімдер ұсынады. Олардың ішіндегі негізгілері бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі көзқарастар — номинализм және реализм еді. Реализм жалпы ұғымдар адамдардың ақыл-ойы санасынан тыс және тәуелсіз өмір сүреді деп есептейді. Ал номинализм, керісінше, жалпы ұғымдар ("универсалиялар") адам санасынан тыс өмір сүре алмайды, олар тек заттар мен құбылыстардың аттары ғана дейді. Мысалы "жалпы адам" өмірде болмайды, өмір сүретін нақтылы тірі адам. "Адам" деген әрбір ет пен сүйектен жаралған жалқы адамның жалқы аты. Демек, жалқысыз жалпы ұғым өз алдына дербес, санадан тәуелсіз өмір сүре алмайды.

Ортағасыр философиясы

Ортағасырлық философиясы (батыс Еуропа елдерінде) – рим империясының күйреуімен байланысты (5 ғ) капиталдық қоғамның алғашқы формалары пайда болғанға дейін (14-15 ғ.) өмір сүрді. Ортағасырлық философия дінмен байланысты дамыды. Тіпті философияны – діннің қызметшісіне айналдырып жібірді. Философия діннің шырмауынан шыға алмады. Батыс Еуропа елдерінде христиан дінінің кең тарауына байланысты "Шіркеу әкейлері" мен пұтқа табынушылардың философиясының арасындағы күрестің өрлеуіне байланысты Ортағасырлық философия негізгі үш кезеңге бөлінеді:

1. б.з. II ғасырдан бастап, Апологетика деп аталатын діни философиялық ілім пайда болды.
2. III-VI ғ.ғ. Патристикалық ілімнің белең алған кезеңі.
3. Схолистикалық кезең (X-XV ғ.ғ.)

Апологетика (гр. Apologetikos – қорғаушы) – теологиялық сала.

Апологетиканың мақсаты – ақыл-парасатқа жүгінген дәлелдердің көмегімен дін ілімін қорғап, сақтау. Апологетиканың құрамына мыналар енеді: құдай болмысының дәлелдемелері, жанның мәңгілігі, құдайдың сыр беруінің белгілері туралы (оның ішінде ғажайыптар мен сәуегейліктер туралы) ілім, дінге және оның жекелеген догматтарына қарсы бағытталған наразылықтарға, сондай-ақ басқа діндерге талдау. Апологетика- әлдебір нәрсені әділетсіздіктен қорғау, сол нәрсені мадақтау ұғымына сәйкес. Өкілдері – Юстин Мученик, Тециан, Тертуллиан Квинт Септилий Флоренц.

Патристика (лат. Pater-әке) –2-8 ғасырлардағы христиан дін ілімі.

Пұтқа табынушылыққа қарсы христиан дінінің догматтарын қорғайтын, діни нанымның ежелгі философиямен үйлеспейді дейтін "шіркеу әкелерін" мадақтау, қостау. Өкілдері – Тертуллиан, Климент Александрский, Ориген, Августин.

Схоластика (гр. Scholasticos- мектептік) – орта ғасырлық "мектептік философия", оның өкілдері – схоластар христиандық дін ілімін рационалды (зерделі) түрде негіздеуге және жүйелеуге тырысты. Бұл үшін олар Платонның, Аристотельдің философиялық көзқарастарын пайдаланды. Ортағасырлық Схоластика универсалия төңірегіндегі дау-дамайлар үлкен орын алды.


Өз тарихында Схоластика бірнеше кезеңге бөлінеді:

1. Алғашқы кезең Схоластикасында (9-13 ғ.ғ.) неоплатонизмнің ықпалы басым болды. Өкілдері Эриугена, Ансельм Кентерберийский. Ғылыммен философия, теология бір-бірімен біте қайнасып, пікірталас негізінде ақыл-ойға діни сенімнің үстемдігін жүргізуді және сол үстемдіктің заңдылығын дәлелдеуді өзіне мақсат етіп қойған схоластикалық тәсіл белең алды.
2. 14-15 ғ.ғ. кезеңде, яғни "классикалық" Схоластикада "христиандық аристотелизм" үстемдік етті, яғни, кемеліне жеткен схоластика ғылыммен философиялық теологиядан бөлініп, философиялық, теологиялық ілімдердің қалыптасып, етек жайған кезең. Өкілдері: Ұлы Альберт, Фома Аквинский.
3. Құлдырау кезеңі (XIV-XV ғ.ғ.) – шынайы ғылыми және философиялық ойлардың тез қарқынды түрде дамуының салдарынан теологияның мистикалық ілімге айналуына байланысты схоластика мүлдем нәтижесіз ілім кейпіне енді. Тақуалар мен неосхоластардың арасындағы дау-дамай ушыға келіп, шіркеудің Реформацияға қарсы күресіне ұлысты. Өкілдері – Уильям Оккам, Жан Буридин т.б.

Орта ғасыр
философиясы



Реализм



Номинализм

Реализм - Ортағасырлық схоластикада орын алған философиялық бағыт, ол ұғымдар (универсалиялар) реалды түрде өмір сүреді және жалқы заттардан бұрын өмір сүреді деген көзқарасты қалыптастырды. Ортағасырлық реализм іс жүзінде ұғым мен объективтік дүниенің, жалпы мен жалқының арақатынасы туралы мәселенің шешіміне келгенде Платонның бағытын жалғастырды. Көрнекті өкілдері – Ансельм Кентерберийский және Шампольк Гильом, Фома Аквинский болды. Ортағасырлық реализмге қарсы номинализм өкілдері күрес жүргізді.

Номинализм (лат. nomen – есім, атау) – ұғымды тек жекелеген заттардың атауы ғана деп есептейтін Ортағасырлық философиялық бағыт. Ортағасырлық реализмге қарсы номиналистер тек өздеріне тән қасиеттері бар заттар ғана өмірде бар деп тұжырымдады. Заттар туралы біздің жалпы түсінігіміз олардан тысқары бола алмайды, тіпті заттардың шынайы күйі мен қасиеттерін елестете алмайды. Номиналистер заттардың бастапқы, ал ұғымның соңғылығын мойындай отырып, материалистік тенденциялармен байланысты көзқараста болды. Көрнекті өкілдері: Росцелин, Дунс, Скотт, Оккам.

НОМИНАЛИЗМ – (лат. *nomen*- есім немесе атау) универсализмді немесе жалпы түсінікті жоққа шығарушы, сондай-ақ, жалпы ұғымдар шын мәнінде өмірде емес, тек пайымдауларда ғана кездеседі деп көрсететін философиялық ілім. Орта ғасырларда номинализм универсалиялар тұрғысынан алғанда реализмге қарама-қайшы бағыттардың бірі болды. Бірақ та, номинализмнің негізгі тезисін Платон идеялары мен теорияларына сын айтқан ежелгі грек философы, клиник – Антисфен құрады. Табиғаттың жалпы түсініктері жайлы мәселелерге Аристотельдің берген анықтамаларын одан әрі сараптап, дамытып, нақтылы түсініктер берген – Порфирий. Осы түсініктерді латын тіліне аудармалаған Виктори мен Боэцидің арқасында, бұл мәселелер ортағасырлық ойшылдардың да назарын өзіне аударды. Марциан Капелла мен Беренгар Турский номиналистік көзқарастардың дамуына өз үлесін қосты. Өз ойын дәлелдеуге тырысқандардың бірі – Росцелин болды, оның ойынша, мәңгілік өмір сүретін және мәнділікке ие тек қана жекелеген заттар ғана, ал жалпы ұғымдар болса, ол – тек дыбыс тербелістерінде (*flatus vocis*) ғана кездесетін заттардың атауы ғана.

Ерте орта ғасырларда номинализм Платон теориясына қарсы шығушылар реакциясы есебінде өз алдына бөлініп шықты, дәл осы кезеңде « номинализм », « номиналистер » терминдері де пайда болды.

Бірнеше теологиялық көзқарастардың номиналистік қарсылықтары шіркеу тарапынан қарсылықтар туғызып, 1092 жылы Суассон соборында номинализмді жақтаушылар жазаланды. Бірақ бұл кейінгі орта ғасырлардағы философиялық антропологияның (Генрих Гентский), психологияның (А де Серешаль), логиканың (Петр Испанский, Уильям Оккам, Жан Буридан) шеңберінде көрініс берген номиналистік идеяларды жақтаушылардың қарсылық әрекеттеріне тосқауыл бола алмады. Осы кезеңдерде номинализм философия тәрізді өз алдына жеке ғылым ретінде бөліне бастады.

Универсалия

Схоластиканың пайда болуынан бастап, бүкіл орта ғасырлар бойы оның өкілдерінің арасында « универсалиялар » туралы деп аталатын дау пайда болды. Латынша “универсалис” дегеніміз – “жалпы”, “бәріне ортақ” деген мағына береді. Дау “универсалия қалай өмір сүреді?” деген сұрақ төңірегінде болды. Бірден екі қарама-қарсы жауап бөлініп шықты.

Біріншілері “универсалия шын мәнінде өмір сүреді” деп санады, сондықтан олар “реалистер” деп аталды. Екіншілері “объективті шындықта “жалпылық” жоқ, онда тек жеке құбылыстар ғана өмір сүреді” деген қорытынды жасады.

“Универсалияның орны – тіл, жалпылық тек тілде ғана бар, сөз арқылы ғана болады. Универсалия ол – зат емес, ол – атау”. Бұл топ “номиналистер” деп аталды.

Реалистер мен номиналистердің аралығында да бірнеше бағыттар болды. Солардың бірі – **концептуализм**. Концептуализмнің өкілдері “универсалия” өздігінен өмір сүрмейді, сонымен қатар ол тек атау ғана емес, жеке құбылыстар да жалпыға тән нәрсе, ол ұғым арқылы беріледі, (латынша “ұғым” – “концептус”), ал ұғым сөз, атау арқылы беріледі деп білді. Концептуализмнің негізгі өкілдерінің бірі – П.Абеляр. Схоластиканың айрықша танымал өкілі – Фома Аквинский. Фома Аквинскийдің және оның ізін басушылар – томистердің (латынша Фома – Thomas) ілімінің негізі – сенім мен білімнің бірлігі. Олар “діни сенім мен діни таным бір-бірін жоққа шығармайды, дұрыс пайдаланған кезде бірін-бірі толықтырады, олар бір негізден пайда болған, бір мақсатқа апаратын екі жол” деп есептеді.



Августин Аврелий Әулие

(354-430 ж.ж) – христиан дінбасы және неоплатонизмге жақын философ – мистик, патристиканың ықпалды өкілі. Оның дүниетанымы фиденстік сипатта, яғни "нанымсыз білім, ақиқат жоқ" деген принципке бағынады. "Құдайдың қаласы" (426 ж) атты шығармасында Августин тарихты, адам тағдырын фаталистік (теологиялық фатализм тарихтағы оқиғалар мен адам өмірі-құдайдың құдіретімен анықталатын негізге алу) тұрғыдан түсіндіретін христиандық концепциясын ұсынды. "Жердегі қалаға", "күнәһар" зиялы мемлекетке ол "Құдайдың қаласын", яғни шіркеудің бүкіл дүниежүзілік үстемдігін қарама-қарсы қойды. Августиннің христиан теологиясының әрмен қарай дамуына жасаған ықпалы орасан зор.



А.Августин – « Рим шіркеуінің Әкесі ». Ойы: « Не нәрсені түсіну үшін сенім керек ». Насихаттады: « Мейірімділік » пен « Зұлымдықты ». Болмысты екі категорияға бөлді:

1. Мейірімділік: сан, сапа, жүйе, мөлшер.
2. Зұлымдық немесе болмыссыздық: идеясы – Рим шіркеулері үшін маңызды болды.

Христиан діні ислам діні тәрізді догмаға сүйенеді. Ислам дінінде төрт періште туралы айтылады. Жан алғыш періште « Әзірейіл » туралы Фома Аквинскийдің еңбегінде ол – шайтанмен теңестірілген. Ол бойынша: сұлулық, гармония, әдемілік – мейірімділік, ал, қатігездік, зұлымдық – өлім ретінде сипатталады.

Осы көзқарастарға байланысты, Ортағасырларда адамдарды бет әлпетіне қарап, оларды кемсіту белең алған, сол себептен де ғашықтар қосыла алмаған.

Аврелий Августин Құдай болмысының үш дәлелін келтіреді:

- 1. Гректердің өзі дүниені жаратушының бар екені туралы идеяны айтқан. Дүниенің сантүрлілігі мен өзгермелілігі, оның объектілерінің әдемілігі оны ұлы да әдемі, көзге көрінбейтін және білінбейтін Құдай жаратқанын дәлелдейді.*
- 2. Екінші дәлел – consensus gentium (адамзаттың ауызбіршілігі). Табиғатты түгелімен бұзылған адамдардан басқа адамзат ұрпағы Құдай дүниені жаратушы деп мойындайды.*
- 3. Ең жоғарғы бақыт бұл өмірде емес, о дүниеде. Оған Құдайды сүйе алған адам ғана жетеді.*

Фома Аквинский

Ортағасырлық философияның белді өкілдерінің бірі Фома Аквинский (1225-1274 ж.ж.) орта ғасырлық католик дінінің теологі, доминикандық – монах, ортодоксалдық схоластиканы жүйеге келтіруші. Париж және Кельн университеттерінде білім алады. Ұлы Альберттің шәкірті. Негізгі еңбегі – "Теология суммасы" (жиынтығы) Ф. Аквинскийдің объективтік идеалистік философиясы Аристотель ілімін теологиялық тұрғыдан түсіндіру, аристотелизмді христиан дініне сай ықшамдау нәтижесінде пайда болды. Аристотель философиясынан Ф.Аквинский материалистік идеяларын алып тастап, идеалистік элементтерін (жаратқан иенің қозғалыссыздығы жайындағы ілімін) күшейту бағытында әрекет етті. Ф.Аквинский бойынша универсалиялардың үш түрі бар:

1. Жеке заттарға дейінгі (құдайдың құдіреті)
2. Заттардың өздеріндегі (жекедегі жалпылық)
3. Заттардың кейінгі түрі (адам санасында танылатын)



Тома Аквинат – сенім мен ақылдың теориясын негіздейтін ілім қалыптастырды. Оның негізгі тұжырымдамалары:

1) Сенім мен ақылдың көмегімен жүзеге асатын көптеген әдіс-тәсілдердің ортақ жақтары өте көп. Сенім де, ақыл да Құдайды және ол жаратқан дүниені танып-біледі.

2) Екі тәсіл де бірін-бірі жоққа шығармайды, толықтырып отырады. Адам Құдайға тәуелді болғанымен, оның ақыл-ойының салыстырмалы автономиясы бар. Теология философияны, сенім ақылды терістей алмайды, ақиқат көзі – осы тұжырымда.

3) Екі тәсілді де Құдай жаратқан, сондықтан өмір сүру құқықтары бірдей, бірақ, екі тәсілдің ерекшеліктері де бар:

□ Сенім – Құдай (Жаратушы) туралы ілімді сезім, жігер, тілекке сүйене отырып қабылдайды.

□ Ақыл ақиқат туралы үнемі күмәнданады, тіпті Құдай болмысы туралы ақиқаттың да дәлелін іздейді.

Философияның негізгі принципі – сеніммен сананың үйлесімділігі. Оның пайымдауынша, ақыл Құдайдың болмысын саналы түрде дәлелдеп, сенімнің ақиқаттығына қарсы пікірді қабылдамайды, барлық өмір сүретін заттар құдайдың құдіретті бойынша қалыптасады. Ф. Аквинский Құдайдың болмысына 5 дәлел келтірді.

1. Дүние дегеніміз қозғалыс. Әрбір зат қозғалысының бастауы бар, бұл қағида сезімдеріміз арқылы дәлелденеді. Әрбір қозғалысқа алғашқы күш беретін – Құдай.
2. Екінші дәлел « туындатушы себеп » ұғымынан шығады. Дүние себеп пен салдардан тұрады. Әр заттың себебі бар. Алғашқы себеп – Құдай.
3. Үшінші себеп кездейсоқтық немесе қажеттілік ұғымдарына негізделген. Дүниеде кездейсоқ нәрселер көп, бірақ қажеттілік, заңдылықтың бар екендігі күмәнсіз. Мысалы: планеталар қозғалысы немесе адамдардың өмірі. Осы қажеттілік пен заңдылықтарды туындататын Құдай.
4. Заттардың жетілу дәрежелері әр түрлі. Бір зат толық жетілген, ал екіншісі шамалы жетілген. Абсолютті, ең жоғары жетілген – тек Құдай ғана.
5. Ақылы жоқ заттар да белгілі бір мақсатқа, ретке бағынып, табиғатта өмір сүреді. Олардың бәріне мақсат сілтеп отыратын – Құдай.

Реалисттер

Ансельм Кентерберийски - еңбегі « Неге жаратушы – адам? ». Италияда 1033-1109 жылдар аралығында өмір сүрген реализмнің көрнекті өкілдерінің бірі Ансельм Кентерберрийский өмірінің соңғы 16 жылында архиепископ болған. Ол шіркеу үстемдігі үшін саяси билікке қарсы күрескен адам. Өзінің осы мақсатты күресін саяси салада ғана емес, сонымен қатар философияда да негіздеуге тырысады. Ансельм үшін жақсылық, әдептілік, ақиқат ұғымдары адамдардың іс-әрекеттерінен тыс шынайы өмір сүреді. Демек ол реалистік бағыттың ең табанды жақтаушыларының бірі болған деген сөз. Ансельм бұдан басқа, құдайдың бар екендігін дәлелдеуге тырысты. Егер құдай жоқ болса, құдай туралы ұғым пайда болмас еді. Ал құдай туралы ұғымның бар екені рас болса, демек құдайдың да бар болғаны, - дейді Ансельм. Бұның атын "құдай болмысын онтологиялық жолмен дәлелдеу" деп атады. Ансельм өмір бойы дінбасылардың мақсат-мүдделерін қорғағаны үшін өлгеннен соң әулиелер санатына енгізілген.

1079-1142 жылдары өмір сүрген атақты схоласт "универсалия" туралы пікірталаста сыңаржақты реализмге де, сыңаржақты номинализмге де бірдей қарсы шыққан **Пьер Абеляр** салиқалы реализмді уағыздады. Оның ойынша шынайы өмір сүретіндер тек жалқылықтардың өзара ортақ қасиеттері болуы мүмкін. Осы ортақ қасиеттердің негізінен "универсалиялар", жалпы ұғымдар қалыптасады. Біз көп жалқылар туралы айтатын болсақ, біздің пікіріміз, олардың атаулары — сөзге бағытталмақ. Міне, номинализмнің түпкі мәні осында. Сонымен қатар жалпы ұғымдардың да шынайылығын, ақиқаттылығын мойындау керек, себебі олар құдайдың ақыл-ойында есепте тұр, әрі құдай жарататын заттардың көзқарақты үлгілері болып табылады, — дейді Абеляр.

Қорытынды

Теологияның философиядан негізгі ерекшелігі – ол Құдайға бет бұрған және сенімге ғана сүйенеді. Номиналистердің пікірінше философия теологияның қолжаулығы. Бірақ, шын мәнісінде тіптен де олай емес, себебі: философия тәжірибе арқылы табиғи әлемді зерттейді, философия – адамның өз шеңберінен шығып, өзін толғандырған толып жатқан сұрақтарға жауап іздеуімен түсіндіріледі. Және тек іздеп қана қоймай, оны дәлелдеуге тырысуы. Сөзге тиек болған Орта ғасырлық номиналистер мен реалистердің де, әрқайсысының өз идеяларын дамытуы осының бір дәлелі.

Фома Аквинский өзіне дейінгі ойшылдардың универсалийлер туралы барлық идеяларын жүйелей отырып, ортағасырлық схоластикалық ойлауда өзінің радикалды қадамымен ерекшеленді. Аквинскийдің кредосы аристотелизмді христиандық тұрғыда қайта пайымдаумен сипатталатын схоластикалық философия дамуындағы жаңа кезеңді білдіреді.

Универсалийлер дегеніміз – бұл жалпы атаудың мәні. Олар ақыл-оймен абстракциялаудың нәтижесі болғанымен, әлемде бар және нақтылы өмір сүрушілерді бейнелейтін ұғым болып табылады.

Пайдаланылган әдебиеттер

1. А.Г.Сприкин «Философия» «Гардарики» баспасы Москва 2000 жыл;
2. «Ұлттық энциклопедия» Алматы 2005 жыл №8 446-бет;
3. «Реализм и художественные искания XX века» Москва 1969;
4. «Философия» Т.Ғабитов Алматы «Раритет» 2006 жыл 31-32 беттер;
5. Интернет желісі: <http://www.google.ru/>